

## Студенттердің ішкі тәртіп сақтау Ережесі

### 9-бабы. Қатаң сөгіс

о) Визасыз келетін шетел азаматтары Қазақстан Республикасына кірген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Визамен қамтамасыз ету және шетелдік студенттермен жұмыс жасау бөліміне Ішкі істер департаменті Көші-қон басқармасына тіркеуге қою үшін паспорттарын тапсырмаған жағдайда;

п) Факультет декандарының рұқсатынсыз жыл бойы (365 кун) өз еліне және басқа елге шекарадан шығып-кірген жағдайда;

р) Шетел білімгерлер өз төлқұжатын жоғалтқан, төлқұжатының аяқталу мерзімін өткізіп алған жағдайда;

с) Көп мәртелік визаны ұзарту кезінде шетел білімгерлердің төлқұжатының аяқталу мерзімі 15 айдан кем болған жағдайда;

т) Шетел білімгерлері Факультет декандарының рұқсатынсыз университет жатақханасынан басқа мекен-жайларға өз еркімен тұрған жағдайда және өзі туралы мәліметтерді қате, жалған берсе немесе ауысқан жағдайда дер кезінде деканатқа, Визамен қамтамасыз ету және шетелдік студенттермен жұмыс жасау бөліміне ескертпеген жағдайда (шетелдегі мекен-жайы, қазақстандағы мекен-жайы, электрондық поштасы, ұялы телефоны т.б.).

у) Шетел азаматтары университет басшылары мен факультет декандары, Визамен қамтамасыз ету және шетелдік студенттермен жұмыс жасау бөлімінің қызметкерлерінің қызмет барысындағы талаптарына бағынбаған жағдайда (паспорттарын тапсыруға қарсылық білдіру, басшылар мен қызметкерлердің этикалық қарым-қатынастарына сөз арқылы нұқсан келтіру т.б.)

### 10-бабы. Оқудан шығару

р) Визалық елдерден келетін шетел білімгерлері оқу визасының ақшасын уақтылы мерзімінде төлемегені үшін;

с) Визалық елдерден келетін шетел білімгерлері Визамен қамтамасыз ету және шетелдік студенттермен жұмыс жасау бөліміне визалары бітетін мерзімнен 30 (отыз) жұмыс күні бұрын паспортын, виза ақшасының түбіртегін және Білімгер туралы анықтамасын өткізбегені үшін.

т) Визалық елдерден келетін шетел білімгерері Түркістан облысы Ішкі істер департаменті Көші-қон басқармасына хабарлама беру үшін Қазақстан Республикасына кірген күннен бастап 3 (үш) күн ішінде Визамен қамтамасыз ету және шетелдік студенттермен жұмыс жасау бөліміне паспорттарын тапсырмаған жағдайда;

у) Шетел азаматтары университетімізге білім алу үшін арнайы шақырту арқылы оқу визасымен келіп сабақтан тыс уақытта (кафе, ресторан, бар, т.б. орындарда) заңсыз жұмыс атқарып жүргендігі жөнінде ПД қарасты көші-қон басқармасы тарапынан тексерістер мен рейд жүргізіліп арнайы хаттама толтырылып анықталған жағдайларда;

ү) Шетел азаматтары жоғарыда көрсетілген визаға қатысты талаптарды орындамай екі рет қатарынан қатаң сөгіс алған жағдайда;